

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 4 қарашадағы № 180-ө өкімі

Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы кейбір өкімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2021 жылғы 4 қарашадағы
№ 180-ө өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісімді ратификациялау туралы" 2020 жылғы 29 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 113-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісімді ратификациялау туралы" 2020 жылғы 29 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесінде:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

2	Тауарларды қадағалап отыру тетігінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	Келісім күшіне енген күнінен бастап 12 ай	М. Е. Сұлтанғазиев
---	---	--	-----------	---	--------------------

"

2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 41-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесінде:

реттік нөмірі 14-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

14	Қосарланған салық салуды болдырмау және пайда салығының номиналды мөлшерлемесі Қазақстан Республикасындағы корпоративтік табыс салығы мөлшерлемесінің 75 пайызынан астамын құрайтын салықты төлеуден жалтаруға жол бермеу мәселелерін реттейтін халықаралық шарт күшіне енген елдердің тізімін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2021 жылғы желтоқсан	М. Е. Сұлтанғазиев
----	--	--	-----------	----------------------	--------------------

реттік нөмірі 35-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

35	"Мемлекеттік кірістер органдарына мәліметтерді ұсыну қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 13 ақпандағы № 171 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	*	М.Е.Сұлтанғазиев
----	---	--	-----------	---	------------------

”;

реттік нөмірі 41-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

41	"Салық тіркелімдерінің нысандарын және оларды жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 388 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2024 жылғы қараша	М.Е.Сұлтанғазиев
----	--	--	-----------	-------------------	------------------

”.

3. "Қазақстан Республикасының "Техникалық реттеу туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу, кәсіпкерлік, мемлекеттік басқару және төлемдер жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 2 наурыздағы № 45-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген "Қазақстан Республикасының "Техникалық реттеу туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық

реттеу, кәсіпкерлік, мемлекеттік басқару және төлемдер жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесінде: реттік нөмірлері 64, 65, 66, 67 және 68-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

64	"Шарап материалы, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра және сыра сусыны өндірісінен басқа, этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 498 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2021 жылғы желтоқсан	М . Е . Сұлтанғазиев
65	"Этил спирті өндіру, алкоголь өнімін өндіру, алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада сату, сондай-ақ алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада сату саласындағы қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 60 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2021 жылғы желтоқсан	М . Е . Сұлтанғазиев
66	"Этил спирті сақтау мен өткізу (тиеп- жөнелту, қабылдап алу) қағидалары" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 109 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2021 жылғы желтоқсан	М . Е . Сұлтанғазиев
67	"Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру паспорты үшін қажетті мәліметтер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 ақпандағы № 82 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2021 жылғы желтоқсан	М . Е . Сұлтанғазиев
68	"Дербес сәйкестендіру нөмір- кодтарын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 646 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2021 жылғы желтоқсан	М . Е . Сұлтанғазиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК